



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ

Nazarbayev
Intellectual
Schools
Center
of Excellence
NIS

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

любопытность, учит общению со сверстниками и единомышленниками. Навыки, полученные в НОУ, помогут выпускникам нашей школы, успешно справляться в дальнейшем в вузах с курсовыми и дипломными работами, уверенно чувствовать себя на семинарах и научных конференциях, не бояться.

В последнее время в общественном сознании укрепилась прочная позиция ценности образования. Все понимают, что образование – это сфера долгосрочных инвестиций в развитие. При этом подчёркивается особая роль интеллекта «как фактора первостепенного значения, определяющего темпы экономического роста современных государств», а также делаются попытки «нормативного закрепления понятия одаренности». Данная позиция позволит сфокусировать интересы всех участников образовательного процесса: выпускникам позволит получить качественное образование, родителям – гарантии того, что их ребенок будет социально защищенным и востребованным на рынке труда; работодателям – универсального, высокообразованного, работника, владеющего профессиональными компетенциями и готового к самореализации в условиях рыночной экономики [2].

В заключение хочется привести замечательное высказывание: «Если в конце исследования не видно начала следующего – значит исследование не доведено до конца», – говорил Д.С. Лихачёв.

Список литературы:

1. Нугуманова К.А. Школьное научное общество учащихся как фактор совершенствования организации выявления и поддержки одаренных детей // Педагогическая наука и практика. 2017. №4 (18). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/shkolnoe-nauchnoe-obschestvo-uchaschihsya-kak-faktor-sovershenstvovaniya-organizatsii-vyyavleniya-ipodderzhki-odarennyh-detey> (дата обращения: 01.02.2023).

2. Фахрутдинова Резида Ахатовна, Фахрутдинов Рифат Рифович Организация исследовательской деятельности одарённых школьников как ключевое средство их интеллектуального развития // Вестник ТГГПУ. 2014. №3 (37). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/organizatsiya-issledovatel'skoy-deyatelnosti-odaryonnyh-shkolnikov-kak-ključevoe-sredstvo-ih-intellektualnogo-razvitiya> (дата обращения: 01.02.2023).

ӘОЖ 37

ПЕДАГОГТИҢ КӘСІБИ ӨЗІН-ӨЗІ ЖЕТІЛДІРУІ

Нурсейтова Сауле Бағиткалиевна
Игілік Арайлым Досымханқызы
Касенова Айжан Асқарбекқызы
сынып жетекшілер
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Әулікөл ауданы білім бөлімінің №1
Құсмұрын жалпы білім беретін мектебі» КММ
Әулікөл ауд., Қостанай о., Қазақстан

Аңдатпа

Өзектілігі. Білім мазмұнын қалыптастырудағы маңызы зор міндеттердің бірі. Білім беру жүйесін дамытудағы өзекті мәселелерді шешу мемлекетіміздің 443 бөлшегі болып табылады. Білім беру жүйесін дамытудағы өзекті мәселелерді шешу дамыған тұлғаның әлемдік өркениетін кеңістігіндегі бәсекеге қабілеттілік кепілі ретінде көрніс табады

Мақсаты. Мұғалімнің кәсіби өзін – өзі жетілдіруі-бұл өзінің кәсіби құзыреттілігін арттырудың, сыртқы әлеуметтік талаптарға, педагогикалық іс-әрекеттің жағдайларына және жеке даму бағдарламасына сәйкес кәсіби маңызды қасиеттерді дамытудың саналы, мақсатты процесі.

Түйінді сөздер: білім стандарты, бірізділік, жаңа инновация, проблемалық мәселе, Кембридж бағдарламасы.

Аннотация

Актуальность. Одна из важных задач в формировании содержания образования. Решение проблем развития системы образования является частью нашего государства. Решение проблемы развития системы образования отражает мировую цивилизацию как конкурентоспособность в области развитой личности.

Цель. Профессиональное самосовершенствование педагога – это осознанный, целенаправленный процесс повышения своей профессиональной компетентности, развития

важных профессиональных качеств в соответствии с внешними социальными требованиями, условиями педагогической деятельности и программой личностного развития.

Ключевые слова: образовательный стандарт, инновации, проблемный вопрос, программа Кембридж.

Abstract

Relevance One of the important tasks in the formation of the content of education. Solving the problems of the development of the education system is part of our state. Solving the problem of the development of the education system reflects world civilization as competitiveness in the field of a developed personality. Goal: self-knowledge by the teacher and self-analysis of pedagogical experience. The primary basis for a teacher's self-improvement is an understanding of his professional role, understanding of possible pedagogical decisions and their consequences, generalization of professional activity and forecasting, self-control and the ability and readiness for self-development.

Key words: educational standard, innovations, innovations, problems, Cambridge program.

«Жаңа формация мұғалімі – рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыдан есейген, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман, өзін – өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға. Ол жоғары білімді шығармашыл тұлғаны қалыптастырып, дамыту үшін жауапты» Н.Ә.Назарбаев

Батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы: «Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді» – дегендей ұстаздық кәсіпті таңдаған адамның бойында өз мамандығына берілген, бар қуатын оқушыға сарқып бере алатын, онымен бірге қуана да, қайғыра да білетін барлық асыл қасиеттер болу қажет. Менің ойымша, ұстаз болу кез келген адамның қолынан келе бермейді.

Тәуелсіз елдің негізгі тірегі – білімді ұрпақ. Бүгінгі жас ұрпақ – ертеңгі мемлекет тұтқасын ұстаушы білікті маман. Қазіргі таңда білімдінің алға түсіп, бәйгеден озып келетін заманы. Мемлекет болашағының кепілі- жастарға білім мен тәрбие беру мәселесінен өткір мәселе жоқ екені белгілі. Қазақтың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек», - деген. Қазіргі өскелең жастарға білім беру, оларды жан-жақты дамыту қоғам алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Осы орайда білім беру жүйесінің маңызы арта түсті. Қоғамдық қатынастар жүйесіндегі өзгерістер білім беруге сай болуды талап ете отырып әсерін тигізді. Білім беру жүйесін жетілдіру мемлекетте маңызды рөл атқарады. Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Тәуелсіз елімізде білім жүйесі сапасын жетілдіру ең негізгі өзекті мәселелердің бірі болып отырғаны белгілі. Осыған орай, білім беру жүйесінде жастарға сапалы білім беріп, олардың үйлесімді дамуы мен тұлға ретінде қалыптасуында ұстаздың кәсіби шеберлік көрсеткіштерінің бірі – жалпы педагогикалық, ғылымтеориялық, әдістемелік жаңалықтар мен озық тәжірибені жетік меңгерудің маңызы зор. Қазіргі кезде мемлекетімізде білім беру ісін жаңартудың ұстанымдары, мақсаты және білім мен ғылым бойынша атқарылған шаралар ұйымдасып жатқаны белгілі. Жеткен жетістіктерімізде жүйелі дамып, оқыту жүйесіндегі үрдіс, озық тәжірибелерімізде баршылық. Еліміздің білім беру жүйесінде түбірлі өзгерістер мен жаңашылдық Дүниежүзілік білім стандарты кеңістігі деңгейіне жету жолында қадамдар жасалуда. Оған дәлел 2011-2022 жылғы Білім беруді дамыту бағдарламасына сәйкес курстардың өткізілуі т.б. Сонымен қатар кетіп жатқан кемшіліктерде аз емес. Тіпті қоғамның білім беру жүйесін дамытудағы өзекті мәселелерде біршама. 444 Білім беру саласындағы реформалар аясында көптеген сұрақтар орын алып отыр. Олар: жаңартылған білім мазмұны, жоғары сапалы білім беру, педагог кадрлардың әлпетбесін арттыру, жаңаша инновациялық көптілді білім беру моделін құру, бірыңғай оқулықты енгізу, мұғалімдердің жүктемесі, мектептердің есеп беруін азайту, өңірлік деңгейде білім беруді басқарудың біріздендірілген жүйесінің болмауы, білім беру процесінде АКТ-ны қолдану; білім беру бөлімдерінде мамандардың штатт санының жетіспеушілігі білім беруді басқарудың тиімділігіне кері әсер тигізіп отыр. Қазіргі таңдағы білім беру саясатының ең бірінші мәселесі – жоғары сапалы білім беруге қол жеткізіп әрі оны тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің өзекті де, өміршең қажеттілігіне сәйкестендіру. Осы орайда жеті модульге негізделген Кембридж Бағдарламасының түйінді идеялары бар. Ұнаған тұсы – Бағдарламаның негізінде оқушылар белсенді іс-әрекет иесі бола отырып, өзінің зерттеулеріне сүйене отырып ой қорыта алуы. Оқушылардың қызығушылығын қанағаттандыратын «жаңа тұрпатты» сабақ қандай болмақ? Сабақ – оқушы мен мұғалім арасындағы білім алуға негізделген үрдіс. Жеті модульді тереңірек түсіну – сабақты жаңаша жоспарлауға мүмкіндік беретінін байқауға болады. Сабақтың мақсатын дұрыс айқындау, «мұғалім – оқушы, оқушы – оқушы» коммуникативті қарым – қатынасын оңтайлы ұйымдастыруға жол ашады. Мұғалімді оқушыға тек қана білім беру ғана емес, сонымен қатар, әрбір оқушының бойында шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары туралы ізденістер толғандырады. Сондықтан, рольдік ойындар, талдау, проблемалық мәселелерді шешу – жаңа форматты сабақтың негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Осы мақсатты алға қойып, Кембридж

Бағдарламасының түйінді идеяларын өз тәжірибемде қазақы менталитетке сай, дәстүрді, салт-сананы оқытуды жаңаша ұйымдастыру. Қазақта бұл білім жүйелері қалыптасқан: сыни ойлау, миға шабуыл т.б. Бірақ қазіргі таңда жаңартылған білім жүйесімен ұштасып жатқан жоқ. Білім сапасын жоғарғы деңгейге көтеріп қана қоймай, ұлттық болмысымызбен білім шыңына қол созуымыз қажет. Бүгінгі таңда Қазақстанның білім беру жүйесіндегі мәселе – жаңаша инновациялық көптілді білім беру моделін құру болып табылады. Заманауи мектеп бітірушілеріне шет тілін сапалы меңгеру – өмірден туындап отырған қажеттілік. Ғылым мен техниканың қарқынды дамуы шет тілін еркін меңгеру сұранысын жоғарылатып, теориялық және практикалық білімді терең де сапалы меңгеру шеберлік пен дағдысын талап етіп отыр. Көп тілді оқыту негізінде бейімдеу – дамыған тұлғаның әлемдік өркениетін кеңістігіндегі бәсекеге қабілеттілік кепілі. Қазіргі жастар өздерінің алдына үлкен мақсат қоя біледі. Олар шетелде білім алуды армандайды. Қазіргі мәліметтерге сүйенсек, шет елде оқуға талапкерлер көбінесе тілдік мәселеде қиналады. Дәлірек айтсақ, нақты саналатын пән терминологиясынан көп қиналады.

Себебі, ол сөздер күнделікті өмірде көп қолдана бермейді. Сол себепті, жекелеген пәндерді ағылшын тілінде оқыту заман талабы. Осы бағытта мектептерде көп тілдік орта қалыптастыруда кешенді әрекеттер ұйымдастырылуда. Жекеленген пәндер ағылшын тілінде оқылады. Бұл оқушылардың пәнге деген қызығушылығының 445 артуына септігін тигізеді. Қазіргі таңдағы білім беру саясатының өзекті мәселесі педагог кадрлардың мәртебесін арттыру. Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2020-2030 алған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстанда оқитындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтердің, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты. Мұғалім еңбегінде педагогикалық бағыттылық, кәсіптің маңыздылығын, оның құндылығын түсіну, маман иесі ретінде өзіне позитивті көзқарастың болуы қажет. Қазіргі таңдағы білім беру саясатының мәселесі мектептердің есеп беруін азайту Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің сараптамасы бойынша, мемлекеттік ұйымдар мен жеке тұлғалардың білім басқармаларына жолдайтын өтініштері мен хаттарының саны кей жылдары 9 мыңға дейін жеткен. Олар: есептердің шамадан тыс көп болуы; деректердің қайталануы (әртүрлі есептердегі бірдей деректер); жаңа деректерді жиі сұрату. Сонымен қатар дәстүрлі қағаз құжаттамасынан кезең-кезеңімен бас тарту. Жаңартылған білім жүйесі. Бүгінгі бала-еліміздің ертеңгі маманы ол ХХІ ғасырда бәсекеге қабілетті әрі табысты болуы үшін еңбек нарығында сұранысқа ие болуы қажет. Біздің қазіргі кезде балаларға үйретіп жүргеніміздің барлығы, атап айтқанда, оқу-жазу дағдылары, математика, қаржы, мәдениет және азаматтық сауаттылық, ақпараттық коммуникациялық технологиялар-бәрі де күнделікті тұрмыстың қарапайым мәселелерін шешеуге ғана мүмкіндік береді. Өзгермелі өмір болса, адамның күрделі тапсырмаларды орындай білуін талап етеді. Мұндай қабілет қалаыптастыру үшін оқушыларға классикалық білім берумен қатар, сыни, шығармашылық ойлауға, топ ішінде жұмыс жасауға үйрету керек. Балалардың бойына білім құмарлық, ынталылық, табандылық, көшбасшылық қасиеттерді, әлеуметтік және мәдени сапаларды сіңіру қажет. Біріңғай оқулықты енгізу. Біріңғай базалық оқулық келесідей мүмкіндіктерге жол ашады: бюджеттік қаржыны үнемдеу, өйткені құқық мемлекетке берілген; оқулықтарды жергілікті жерлерге жеткізу жылдамдығын арттыру; оқулықтардың мазмұнын үнемі жақсарту. Бас – кәсіби түсінік. Оқыту мен оқу, сондай-ақ жеке тұлға ретінде оқушылар туралы тұғырлы теориялық базаға негізделген, жеткілікті білімнің болуын талап етеді. Қол – оқытудың тәжірибелік дағдылары. Бұл оқытуды іске асыру, түзету және бағалау барысында түйінді кәсіби идеяларды түсіндіре білудің техникалық және тәжірибелік дағдыларын, әр түрлі әдістер мен тәсілдерді білуді талап етеді. Жүрек – кәсіби-өнегелілік тұтастық. Мұғалімдер ұстаз мамандығының этикалық және моральдық құндылықтарын ұстанады. Демек, олар шыншыл, оқушыларға мейірім мен құрмет көрсете білетін әділ адамдар. Мұғалімдер- өз мамандығын сүйетін, балаға білім беру құнды қызмет екенін түсініп, осыған қатысты нақты ұстанымдары қалыптасқан жандар. Білім беру жүйесінде мұғалім өзінің кәсіби біліктілігін түрлі сайыстар, конкурстар, семинарлар мен конференциялар арқылы да көтеріп отырады. Мұғалімнің кәсіби біліктілігін көрсететін тұсы – өз сабағын шебер де ұтымды, нәтижелі ұйымдастыра білуі. Сабақ – біртұтас жүйе және педагогикалық шығарма, сондықтан да ол бір тұтастығымен, бөлімдерінің ішкі өзара байланысымен, мұғалім мен оқушының қызметтерін кеңейтудің біріңғай логикасымен ерешеленуі керек. Педагогикалық тәжірибені бүгінгі даму деңгейінде белгілі болып отырғандай оқытудың озық әдіс тәсілдерінің бәрін еркін игеріп, әрбір нақты жағдайларға

орай ең тиімді әдісін таңдап алу, олардың жиынтығын түрлендіре отырып пайдалану, әрі шығармашылықпен өзіндік білімді жетілдіре отыру негізінде ғана жүзеге асатын іс. Өз білімін көтеру негізінде – оқу-тәрбие үрдісін ұйымшылдықпен жүргізуде мұғалім басты тұлға. Осындай талапқа сай қызмет атқару үшін мұғалім бірінші кезекте өзінің әдістемелік, саяси-экономикалық, экологиялық, психологиялық, дидактикалық білімін ұдайы толықтырып үздіксіз іздену үстінде өз мамандығы бойынша білімін жетілдіріп отыруы керек. Сонымен қатар психология мен педагогика ғылымдары жайындағы жаңалықтар мен озық тәжірибелерді үнемі пайдаланып отыруы шарт. Қазіргі жағдайда мұғалімнің рөлі өзгеруде. Мұғалім-кеңесші не дайын шешімді біледі, не ол көрсетілген қызмет тәсілдеріне ие болады деп болжанады мәселені шешу жолы. Мұғалім-модератор. Модерация-оқушының әлеуетін және оның қабілеттерін ашуға бағытталған іс-шаралар. Мұғалім-тьютор. Оқушыны педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асырады. Осы функцияларды жүзеге асыру үшін болашақ мұғалім педагогикалық университеттерде оқып жүргенде де жұмысқа арналған құралдарды алуы керек. Мұндай құралдар ашық білім беру технологиялары болуы мүмкін. Жаңа тәсілдің негізгі айырмашылықтары оқушыға өзінің дамуының субъектісі ретінде қарау және оның жеке басының дамуы мен өзін өзі дамытуға бағдарлау болып табылады. Қазіргі мектеп мұғалімі әртүрлі функцияларды жүзеге асырады: – сабақ кезінде де, сабақтан тыс уақытта да оқушылар үшін білім көзі болып табылады; – балалардың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз етеді, басқару функциясын орындайды, білім алушылардың білім беру қызметін ұйымдастырады, балаларды табысты оқыту, дамыту және тәрбиелеу үшін педагогикалық жағдайлар жасайды. Мұғалім қоғамның жаңа, ақпараттық түрін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, сондықтан ол білімді жаңартуға, озық технологияларды игеруге, өзінің шығармашылық, гуманитарлық ойлауын дамытуға үнемі ұмтылуда үлгі болуы керек. Қазақтың зиялыларының ең жақсы өкілдерінің бірі бола отырып, мұғалім оқытылатын пән саласындағы терең білім мен кәсібилікті ғана емес, сонымен бірге адамгершілік тазалықты, жоғары жалпы мәдениетті, әлеуметтік төзімділікті, мінез-құлық пен пайымдаудағы төзімділікті біріктіруі керек. Мұғалім жаңа жағдайда жұмысқа дайындалуы керек. Бұл жаңа мазмұнды, жаңа жұмыс әдістерін меңгеру ғана емес, сонымен қатар жаңа оқу процесінде өз орнын білу. Мұғалім қоғамның жаңа, ақпараттық түрін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, сондықтан ол білімді жаңартуға, озық технологияларды игеруге, өзінің шығармашылық, гуманитарлық ойлауын дамытуға үнемі ұмтылуда үлгі болуы керек. Жүргізілген зерттеу зерттелетін мәселенің барлық аспектілерін аяқтаған жоқ. Біз оны одан әрі дамытудың болашағын қазіргі бастауыш сынып мұғалімінің жұмысында жаңа жолдар, әдістер мен құралдарды іздеуден көреміз. Шындығында, мұғалім осы рөлдердің барлығын әртүрлі жағдайларда және әртүрлі дәрежеде пайдаланады. Осы көктемде біз бәріміз түсіндік, онлайн кеңістіктен қорқудың қажеті жоқ екенін өзімізден өткіздік: машина машина болып қалады, ал адам адам болып қалады. Компьютерлік бағдарлама оқу процесінде қарапайым алгоритмдерді орындай алады (автоматтандыруға болатын барлық нәрсе біртіндеп автоматтандырылады), бірақ мұғалім шығармашылық және тұлғааралық қарым-қатынасқа назар аударуы керек. Адамның қарым – қатынасының қуанышы, бірлесіп құру және бірлескен білім алу мүмкіндігі-бұл тірі педагогикалық жұмыстың квинтэссенциясы. Мұғалім оқушыларға жаңа тақырыпты қызықты түрде жеткізіп қана қоймайды (бұл оған интернетті көп күш жұмсамай жасайды), қанша оқушыларды ынталандыруды, олардың арасындағы қарым-қатынасты орнатуды, шығармашылық зерттеу және оқу материалын тағайындау мүмкін болатын білім беру ортасын ұйымдастыруды біледі.

Қорыта келе Білім беру жүйесін дамытудағы өзекті мәселелерді талдай отыра тәуелсіз елдің білімді ұрпақтар санасында осы заман білім деңгейі мен білімдену бағдарламасының талаптарына сәйкес әлем бейнесін қалыптастыру; 446 қоғамның мамандар қорын жаңғырта көбейтіп, әрі қарай дамыту. Білім мазмұнын қалыптастырудағы басты мақсат қазақ ұрпағының ерікті пікір мен наным таңдау құқығын іске асыруға көмектесу, әрқилы дүниетаным көзқарастарды ымырашылдықпен ескеру. Бүгінгі таңдағы Білім беру жүйесін дамытудағы өзекті мәселелер қоғам аймағында өзіндік шешімдері табылса, қалыптасса оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтарға сүйеніп, бірізділенсе білім жүйесіндегі педагогикалық тиімділігі жоғары дәрежеге жетері анық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Орта білімді дамыту тұжырымдамасы. – А., 1997.
2. Қазақстан Республикасының гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы. А., 2004.
3. Білім беру мекемелеріндегі тәрбие жұмыстарының мазмұны мен негізгі бағыттары. Алматы, 2006. 4. 12-жылдық білім. Журнал. № 8 2006-2007, 18-33 бб